



Құрметті әріптестер, Махамбет университетінің ұстаздары мен қызметкерлері!

Сіздерді Жоғары білім қызметкерлері күнімен құттықтаймын!

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті бүгінде аймағымыздың ғана емес, еліміздің жетекші білім ордаларының біріне айналды. Бұл - сіздердің күнделікті қажырлы еңбектеріңіздің, ұрпақ тәрбиесіне деген адалдығыңыздың жемісі.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында жоғары білімнің сапасын арттыруға, университеттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейтуге және жастарды жаңа заманға лайықты етіп тәрбиелеуге айрықша назар аударды. Осы орайда университетіміз тек теориялық білім беріп қана қоймай, жұмысшы кәсіптер мен практикалық дағдыларды меңгертуге, студенттерді жаңа технологияларды игеруге, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулуға баса назар аударып келеді.

Қазіргі таңда университет қабырғасында болашақ мамандар сапалы білім алып қана қоймай, заманауи ғылыми жобаларға, инновациялық бастамаларға қатысуда. Бұл олардың кәсіби әлеуетін арттырып, елдің дамуына үлес қосатын білікті азамат болып қалыптасуына жол ашады.

Құрметті әріптестер! Сіздердің еңбектеріңіз - еліміздің болашағына қосылған өлшеусіз үлес. Бүгінгі студент - ертеңгі Қазақстанның тірегі. Сондықтан әрбір дәріс, әрбір тәрбие сағаты - мемлекетіміздің ертеңіне салынған берік іргетас.

Баршаңызды мерекемен құттықтай отырып, сіздерге мықты денсаулық, бақыт, отбасылық амандық және еңбектеріңізге зор табыстар тілеймін!

Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы - ректор, б.ғ.к., профессор



Жаңа оқу жылы – жаңа бастама

Білім күні – еліміздің әр түкпірінде қоңырау үні естіліп, білім ордалары жаңа жылын бастайтын айрықша күн. Сол күнді ғасырлық тарихы бар Махамбет университеті де салтанатты түрде қарсы алды.

Салтанатты жиын ең алдымен тағылымды дәстүрмен басталды. Университет ұжымы М.Өтемісов пен Исатай Тайманұлының ескерткіштеріне, сондай-ақ Құрманғазы мен Дина Нұрпейісоваға тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Бұл – өткенге құрмет, болашаққа аманат. Университет ауласында өткен мерекелік іс-шараға ұстаздар мен студенттер, ата-аналар мен қонақтар жиналды. Көк Туымыз желбіреп, өнерпаз жастар мерекелік көңіл-күй сыйлады. Қадірлі меймандар студенттерге жүрекжарды тілектерін білдірсе, университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы: «Университет – бұл тек білім ордасы ғана емес. Бұл – идеялар тоғысатын, болашақ басталатын, арман шындыққа айналатын киелі мекен», – деп ерекше атап өтті. Биылғы жылы 1800-ге жуық жас талапкер студент атанып, арманға бастар жолын осы киелі ордадан бастады. Махамбет университетінде жаңа оқу жылы тың серпінмен басталды. Ал білім іздеген жас үшін бұл күн – үлкен өмірге бастар алғашқы қадам.



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Түрік тілі мен әдебиеті» аудиториясы қолданысқа берілді. Жаңа кабинет заманауи материалдық-техникалық база, мультимедиялық тақта, түрік тілін оқуға арналған электронды және баспа оқулықтарымен жабдықталған. Іс-шараға БҚУ ректоры Н.Х.Серғалиев, Қазақстандағы Түркия ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) өкілі Фуат Ердогмуш, сондай-ақ университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Университет ректоры БҚУ-дың әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып келе жатқанын, студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында шетелде білім алу мүмкіндігі беріліп отырғанын атап өтті. «Жаңа кабинет Түркия мен Қазақстанды байланыстыратын көпірге айналып, түрік тілін терең меңгеруге, сондай-ақ халықтарымыздың мәдениеті мен дәстүрлерін интеграциялауға мүмкіндік беретін алаң болады», – деп атап өтті университет басшысы. Фуат Ердогмуш жаңа аудитория студенттер арасында сұранысқа ие болатынына сенім білдірді: «Бұл кабинет жастарға жаңа мүмкіндіктер ашады – Түркияда білім алу, түрік компанияларында жұмыс істеу. Ең бастысы – ол елдеріміз арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етеді», – деді ТІКА өкілі. Сондай-ақ ол тілдің қарым-қатынасты дамытудың ең маңызды құралы екенін және серіктестіктің жаңа көкжиектерін ашатынын атап өтті. Жаңа аудитория Қазақстандағы Түркия Республикасының Елшілігі мен Түркия ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің қолдауымен ашылды. Кабинет тіл білімі саласындағы мамандарды даярлаудың орталығына, ғылыми және мәдени ынтымақтастық алаңына айналмақ.



ТҮРІК ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



«АТА ЗАҢ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕРІК НЕГІЗІ»

Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде аталмыш оқу орны мен БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ-нің бірлесіп ұйымдастыруымен ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – елдігіміздің берік негізі» тақырыбында облыстық алқалы кеңес өтті. Алқалы кеңестің мақсаты - Қазақстан Республикасы Конституциясының қоғамдағы және мемлекеттегі рөлін айқындау, Ата Заңның негізгі қағидаттарын насихаттау, азаматтардың құқықтық санасын, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, жастардың патриоттық рухын, елге деген жауапкершілігін арттыру, Конституцияның тарихы мен қазіргі заманғы мәнін талқылау.

Қоғамдық даму департаменті директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қыдыршаевтың төрағалығымен өткізілген жиында М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Қ.Ахмеденов атаулы күннің маңыздылығына тоқталып, Конституцияның 30 жылдығымен құттықтады. Облыстық алқалы кеңес отырысында «Ассамблея мен Ата Заң: бейбіт өмірдің қос тірегі», «Конституция: мемлекет пен қоғамның іргетасы», «Құқықтық мемлекет пен Конституцияның маңызы», «Конституция елдің беріктік тұғыры» тақырыбында тағылымды баяндамалар жасалды. Конституцияның 30 жылдығына орай өткен облыстық іс-шараға құқық қорғау органдарының өкілдері, заң саласының ардагерлері, БҚО ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының және БҚО ҚХА ҒСТ



жанынан құрылған Жас ғалымдар клубының мүшелері, М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың профессор-оқытушылары, ғалымдар, ҚР Прокуратура органдарының Құрметті қызметкері, Қазақстанның Құрметті заңгері, Құқық БББ аға оқытушысы Ғ.Ишанов, БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктерінің төрағалары, БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» басшылығы мен қызметкерлері, студенттер және

БАҚ өкілдері қатысты. Қатысушылар Конституцияның саяси тұрақтылықты, ұлтаралық достық пен әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз етудегі рөлін, сондай-ақ оның заңды сақтау және адам құқықтарын құрметтеу мәдениетін дамытуға әсерін талқылады.

БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ-нің ресми парақшасынан алынды

Алаш қайраткерінің ұрпағымен кездесу

Жақында «Қазақстан Республикасы тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен Тарих, құқық және экономика факультеті тарих мамандығының 4 курс студенттері үшін ерекше тағылымы мол кездесу.

Студенттер Алаш қайраткері бөкейлік Уәлитхан Танашевтың ұрпағы, белгілі кітап баспагері Елтай Хакімжанұлымен жүздесті. Кездесу барысында Елтай Танашев ХХ ғасырдың басындағы Уәлитхан Танашевтың қоғамдық-саяси қызметі, заңгерлік жолы, кейінгі өміріндегі күрделі кезеңдер, ұрпақтарының тағдыры және өзінің зерттеу еңбектері жөнінде мазмұнды әңгіме өрбітті. Уәлитхан Танашев – Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, халқына адал қызмет еткен заңгер, ел тағдыры үшін күрескен тарихи тұлға. Оның қайраткерлік жолы



мен асыл мұрасы жас ұрпаққа отансүйгіштік, әділет жолында табандылық пен ел мүддесін қорғаудың үлгісі болары сөзсіз. Бұл кездесудің студенттер үшін маңызы зор болды. Олар өз мамандығы аясында тарихи тұлғалардың өнегелі өмір жолымен танысып қана қоймай, өткеннен тағылым алды.

«Бимен өрілген тағдыр»

2025 жылдың 2 қыркүйегі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, мәдениет және өнер факультетіне Қазақстанның мәдениет және өнер саласындағы көрнекті тұлғаларының бірі, танымал хореограф, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мамбетов Ләйлә Әубәкірқызымен келелі жиын өтті.



«Бимен өрілген тағдыр» атты шығармашылық кездесу көпшіліктің көңілінен шыққан әсерлі кешке айналды. Шығармашылық кездесу көрерменге өнер иесінің өмір жолы мен шығармашылық мұрасын жақынырақ тануға мүмкіндік берді. Мамбетова Ләйлә Әубәкірқызы Қазақстанның сахна өнеріне баға жетпес үлес қосқан көрнекті балетмейстер, педагог, өнертанушы. Оның еңбек жолы шектеусіз шығармашылық, әлемдік конкурстардағы жеңістермен қатар, мәдениетті қалыптастыратын оқыту, шығармашылық жобаларды жүзеге асыру және би өнері тарихын қалпына келтіруге бағытталған. Осындай шығармашылық өмірбаянға толы педагог-болетмейстердің біздің факультетке келуі жастар үшін үлкен серпіліс болды.

Шығармашылық кездесуде педагог-балетмейстер Ләйлә Әубәкірқызы өзінің би өнеріне қалай келгені, алғашқы қадамдары, ұстаздары мен шәкірттері, ұлттық хореографияның дамуына қосқан үлесі туралы әсерлі естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар Қазақстандағы би өнерінің өткені мен бүгіні жайында терең әңгіме қозғады. Іс-шара барысында хореография мамандығының студенттері Ләйлә Әубәкірқызының репертуарындағы би үзінділерін тілге тиек етіп, шығармашылығына деген құрметтерін өзекті сұрақтарға тоқталу арқылы білдірген болатын. Ләйлә Әубәкірқызы өзінің ғылыми жұмыстары туралы айтып, әсіресе ұлттық би элементтерін заманауи стильмен үйлестіре білу жолдары туралы жас бишілерге кеңес берді. Жас буын өкілдері үшін бұл кездесу — тек тәжірибе алмасу ғана емес, нағыз шабыт пен мотивация көзіне айналды. Сөзімді қорытындылай келе, «Бимен өрілген тағдыр» атты бұл шығармашылық кездесу тек бір адамның тағдыры ғана емес, тұтастай бір өнер саласының тарихын, дамуын, рухын паш еткен тағылымды іс-шара болды. Ләйлә Әубәкірқызы сынды тұлғалардың өмір жолы мен еңбегі – келер ұрпаққа бағыт-бағдар берер, биік рухтың белгісі.

Р.Ж. КУАНШАЛИЕВА,
Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК: КЛЮЧЕВЫЕ ПРИОРИТЕТЫ И ОТКЛИКИ ВУЗА

8 сентября на факультете истории, экономики и права была организована прямая трансляция ежегодного Послания Президента Республики Казахстан К.Ж.К. Токаева народу Казахстана. Послание главы государства прослушали преподаватели и студенты.

После просмотра Послания выступили преподаватели Шайхиев Т.Т., Науанова К.М. и студентка 3 курса Кучер Светлана. В своих выступлениях они отметили актуальность поставленных целей, задач, проблем, стоящих перед обществом на современном этапе. В послании Президент Касым-Жомарт Токаев обозначил стратегические направления развития Казахстана на ближайшие годы, направленные на укрепление экономической стабильности и повышение благосостояния граждан. Главными приоритетами названы активное внедрение и использование новых информационных технологий, в том числе цифровых, возможностей Искусственного Интеллекта во всех отраслях экономики, в социальной сфере, а именно в образовании, здравоохранении. С этой целью в рамках программы создания городов опережающего развития принято решение о строительстве Алатау-сити, который должен стать образцом инноваций в области цифровых технологий. Особое внимание в Послании



уделяется созданию цифрового кодекса с целью обеспечения информационной безопасности общества и личности. Большое внимание Президент уделил вопросу инвестиционного развития страны, созданию благоприятных условий для инвестиций. Приоритетным направлением в экономике остаются развитие энергетики, особенно атомной, добывающей и обрабатывающей промышленности, транспортной инфраструктуры, агроиндустрии, которые обеспечат повышение эффективности производства и конкурентоспособности нашей страны. Президент подчеркнул необходимость повышения экологической культуры экономики, повышению эффективности качества использования природных ресурсов. Важным аспектом Послания стала тема развития человеческого капитала в связи с широким распространением и применением информационных технологий, а также Искусственного интеллекта. Токаев также отметил значимость совершенствования законодательства в условиях качественных изменений в экономике, социальной сферы под влиянием цифровизации всех сфер жизни. В связи с этим нам, ППС и студентам, необходимо овладеть методами и навыками работы с цифровыми технологиями и возможностями Искусственного Интеллекта.

К.М. НАУАНОВА,
к.ф.н., старший преподаватель ОП
Социальные науки

Жаңа дәуірге қадам: Президент Жолдауы – ғылым мен білімге серпін

2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын арнады. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты стратегиялық құжат елдің болашақтағы даму бағытын айқындап берді. Жолдау тікелей эфирде көрсетіліп, қоғам тарапынан зор қызығушылық тудырды.

Бұл жолғы үндеуде Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, цифрландыру үдерісін жеделдетуге, жасанды интеллектті енгізуге, инвестиция тартуға, агросектор мен азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, сондай-ақ киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге басымдық берді. Сонымен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа бастамаларды ұсынды.

Жастар мен ғылым – болашақтың тірегі

Президент Тоқаевтың Жолдауындағы басты ойлардың бірі – жастарға сапалы білім беру және ғылымды дамыту болды. Мемлекет басшысы атап өткендей, қазіргі жаһандық бәсекелестікте елдің табысы интеллектуалды әлеуетке тікелей байланысты. Сондықтан білім беру

сапасын арттыру, жаңа технологияларды меңгеру, ғылыми зерттеулерді қолдау – Қазақстанның ұзақ мерзімді өркендеуінің басты кепілі.

Жаңа дәуірдің талабына сәйкес, жастардың тек академиялық біліммен шектелмей, заманауи цифрлық дағдыларды меңгеруі маңызды. Жасанды интеллект, робототехника, деректерді талдау, математикалық модельдеу – осының бәрі болашақта ел экономикасын жаңа деңгейге көтеретін құралдар болмақ.

Факультет ұжымының көзқарасы

Физика-математика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері Жолдауды бірлесіп тыңдап, ондағы айтылған басымдықтарға ерекше мән берді. Әсіресе, ғылымды қолдау,

білім беру жүйесін жаңғырту, жастарды жан-жақты дамыту мәселелері факультет үшін айрықша өзектілігімен ерекшеленді.

Факультет оқытушыларының пікірінше, Жолдауда көтерілген міндеттер тек мемлекет деңгейінде ғана емес, әрбір оқу орны мен ғылыми-зерттеу орталығы үшін нақты іс-қимыл жоспарына айналуы тиіс. Студенттер де Президент белгілеген бағыттардың өздерінің кәсіби дамуына зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

Болашаққа бағдар

Президент Жолдауында белгіленген жаңа стратегиялық міндеттер – еліміздің ғылымы мен білім беру саласына тың серпін беретін тарихи бастама. Бұл құжат – жастарға сенім, ғылымға қолдау, технологияға бетбұрыс. Физика-математика факультетінің ұжымы да осы бағытта аянбай еңбек етіп, елдің өркендеуіне өз үлесін қосуға дайын екенін білдірді. Жолдау – тек саяси құжат ғана емес, Қазақстанның жаңа дәуірдегі даму бағытын айқындап берген тарихи бағдаршам. Ол – жастар үшін жарқын болашақтың кепілі, ғылым мен білім үшін жаңа мүмкіндіктердің бастауы.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА БАСТАР ЖОЛ

2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Әрбір Жолдау – елдің болашағына бағыт беретін маңызды құжат. Бұл жолғы жолдауында Президент мемлекет дамуының жаңа кезеңін айқындап, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты міндеттерді атап өтті.

Студент ретінде мен үшін Жолдаудағы ең өзекті тұстардың бірі – білім беру мен жастар саясаты. Президент жастардың сапалы білім алуына, ғылыммен айналысуына, цифрлық технологияларды меңгеруіне ерекше назар аударды. Бұл – болашақ мамандарға үлкен мүмкіндік. Себебі заманауи қоғамда бәсекеге қабілетті болу үшін үздіксіз ізденіс пен жаңа дағдылар қажет. Сонымен қатар Жолдауда экономикалық даму, цифрландыру, жасанды интеллектті енгізу, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері кеңінен қозғалды. Бұның барлығы қарапайым халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған. Жаңа жұмыс орындары ашылып, ауыл-аймақтың инфрақұрылымы дамыса, жастардың елде қалып еңбек етуге деген құлшынысы артады деп сенемін. Президент көтерген тағы бір маңызды мәселе – әлеуметтік әділеттілік пен тұрақты даму. Бұл – әрбір қазақстандық үшін маңызды құндылық. Халықтың табысы өсіп, әлеуметтік жағдайы түзелгенде ғана елдің болашағы жарқын болмақ. Жалпы алғанда, биылғы Жолдау – біз, жастар үшін үлкен мүмкіндік пен сенімнің белгісі. Бізге артылған сенімді ақтау үшін білім алып, ел дамуына өз үлесімізді қосу – басты міндет.

Аида ҚАЙЫРЖАНОВА,
ҚДР-41 студенті



Так Президентом страны отмечено, что «за последние годы одной из наиболее серьезных угроз финансовой безопасности государства и граждан стало онлайн-мошенничество. Для противодействия киберпреступности создан антифрод-центр, введена биометрическая идентификация, усилена ответственность банков, микрофинансовых организаций и операторов связи за предотвращение мошеннических операций. Но проблема требует постоянного внимания и совершенствования работы уполномоченных органов. Необходимо выстроить интеллектуальную систему противодействия киберпреступности. В случае необходимости следует внести корректировки в законодательство и практику деятельности правоохранительных органов».

Анализ законодательства и практики работы правоохранительных и специальных органов показывает, что в Республике Казахстан уголовное преследование за киберпреступления и преступления с использованием цифровых технологий регулируется **Уголовным кодексом РК (УК РК)**, а также рядом подзаконных актов, связанных с информационной безопасностью. В УК РК предусмотрен целый раздел об информационных преступлениях (Киберпреступления):

В частности, Раздел 7. Преступления в сфере информации и связи (гл. 7 УК РК):

Ст. 205 – незаконный доступ к информации (взлом, хакерство).

Ст. 206 – незаконное использование цифровых подписей и сертификатов.

Ст. 207 – нарушение правил эксплуатации ЭВМ, сетей или программ.

Ст. 208 – создание, использование и распространение вредоносных программ.

Ст. 209 – нарушение правил защиты информации, если это повлекло ущерб.

Ст. 210 – нарушение правил эксплуатации телекоммуникационных сетей.

Также применяются статьи о мошенничестве и краже, если деяния совершены с использованием цифровых технологий:

Ст. 190 УК РК – мошенничество (в том числе интернет-мошенничество, фишинг, скам).

Ст. 188 УК РК – кража (например, кража криптовалюты или денежных средств через онлайн-системы).

Ст. 274 УК РК – распространение заведомо ложной информации (в соцсетях и медиа).

Ст. 274-1 УК РК – распространение запрещённого контента (экстремизм, терроризм, порнография с участием несовершеннолетних и др.).

В уголовном порядке преследуются также следующие формы киберпреступлений

Хакерские атаки, DDoS, взлом аккаунтов.

Кража денег через онлайн-банкинг и криптовалютные кошельки.

Интернет-мошенничество (поддельные сайты, онлайн-аукционы, инвестиционные пирамиды).

Фишинг (получение данных пользователей обманым путем).

Распространение вирусов, шпионского ПО.

Кибербуллинг, киберпреследование (в том числе с использованием соцсетей).

Использование цифровых технологий для организации незаконных митингов, экстремизма, терроризма. В зависимости от статьи за эти преступления следующие уголовные наказания: Штрафы (от 200 МРП и выше), Ограничение свободы. Лишение свободы (от 2 до 7 лет, в особо тяжких случаях — до 12 лет, Конфискация оборудования и ПО, использованных для совершения преступления.

4. Выявлением и расследованием указанных уголовных правонарушений занимаются: Комитет национальной безопасности (КНБ) – расследует особо опасные преступления (теракты, кибершпионаж), **Министерство внутренних дел (МВД, Департамент киберполиции)** – расследует кражи, мошенничество, хакерство, **Агентство по финансовому мониторингу (АФМ)** – отслеживает финансовые преступления в интернете.

Практика показывает, что в Казахстане, как и в других странах, выявление и расследование киберпреступлений осложнено из-за особенностей цифровой среды и распределения полномочий между разными госорганами.

Основными проблемами взаимодействия органов в РК при расследовании киберпреступлений являются:

Размытость компетенций

МВД (киберполиция) отвечает за общее расследование кибермошенничеств и хакерских атак.

КНБ подключается, если есть признаки угрозы нацбезопасности (теракты, кибершпионаж).

АФМ ведёт дела о легализации средств и финансовых схемах. → Часто возникает спор, кто именно должен вести конкретное дело.

Недостаток обмена информацией

Нет единой базы данных по киберпреступлениям (например, мошенническим сайтам, IP-адресам, криптокошелькам).

Органы работают каждый в своей «системе», что затягивает расследование.

Межведомственная бюрократия

Для получения данных от другого ведомства требуются официальные запросы и согласования, что занимает недели.

В сфере киберпреступлений время критично: преступники быстро меняют аккаунты, IP, криптокошельки.

Недостаток специалистов и технических возможностей

В региональных департаментах МВД не хватает экспертов по цифровым следам.

КНБ имеет сильнее оснащение, но часто не делится инструментами с МВД.

Судебные экспертизы (например, расшифровка цифровых устройств) перегружены и делаются месяцами.

Трудности с международным взаимодействием

Большая часть кибератак и мошенничеств идёт из-за рубежа.

Казахстан зависит от международных запросов (Интерпол, Соглашения СНГ, Будапештская конвенция).

Ответы приходят с опозданием или не приходят вовсе.

Юридические пробелы

Законодательство не всегда поспевает за новыми технологиями (например, криптовалюты, darknet).

В Послании Президента Республики Казахстан К.Токаева народу Казахстана от 08 сентября 2025г. «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» выделена острая необходимость повышения эффективности новым вызовам преступности и опасности для казахстанского общества.



Органы трактуют нормы по-разному, что мешает выработке единой практики.

Отсутствие профилактики и координации

Нет централизованного органа, который бы координировал все расследования и обмен информацией.

Часто органы реагируют постфактум, а не предупреждают преступления.

В итоге страдает **оперативность**: даже при выявлении схемы преступники успевают скрыться или обналчить деньги.

Начало формы

Проблемными точками во взаимодействии правоохранительных и специальных органов, как показывает практика, являются:

1. Распределение полномочий

МВД (киберполиция), КНБ, АФМ, прокуратура – все имеют частичную юрисдикцию.

На практике часто возникают споры:

МВД считает, что кейс – “обычное мошенничество”, КНБ – что “угроза нацбезопасности”,

АФМ – что “финансовое преступление”. В итоге дело может «гулять» между правоохранительными и специальными органами и теряется время.

2. Обмен информацией

Нет единой межведомственной базы: каждый орган ведёт свои реестры IP, криптокошельков, доменов.

Запросы делаются вручную, через официальные письма → задержки на недели. Преступники за это время меняют схемы и уходят из-под слежки.

3. Сбор цифровых доказательств

На сегодня у МВД недостаточно технических возможностей для быстрой фиксации логов, криптовалютных транзакций, данных с серверов.

КНБ владеет более современными средствами, но редко делится результатами экспертиз с полицией. Возникают дублирования и пробелы в доказательной базе.

4. Международное сотрудничество

Большая часть атак идёт из-за рубежа - нужно обращаться через Интерпол или по международным

договорам.

Казахстан не всегда оперативно получает ответы от зарубежных провайдеров и правоохранителей. Время играет против следствия: доказательства исчезают.

5. Судебные экспертизы

Центры судебных экспертиз загружены, особенно по цифровым носителям, и не хватает опытных экспертов и лицензированных специалистов этого профиля.

Иногда разные ведомства назначают параллельные экспертизы - противоречивые выводы. Поэтому суду сложно принять такие доказательства как достоверные.

6. Координация и профилактика

Нет единого координационного центра, который бы объединял все органы.

Реагируют в основном “постфактум”, а профилактика (мониторинг теневых форумов, даркнета, криптосетей) развита слабо.

В итоге правоохранительные и специальные органы работают “каждый сам по себе”, а преступники действуют быстрее.

Таким образом, можно констатировать, что основные узкие места на этом направлении – это дублирование функций, бюрократические задержки, нехватка координации и международного обмена информацией.

Послание народу Казахстана 2025

Анализируя вышеизложенное, видится необходимым и целесообразным . в рамках практической реализации Послания Главы государства следующее:

-провести реформирование и реструктуризацию правоохранительных и специальных органов под требования времени. В рамках совершенствования, повышения эффективности работы необходимо выстроить единую стройную систему деятельности, компетенцию и структуру уполномоченных государственных органов противодействия онлайн мошенничеству и киберпреступности.

В этой связи, предлагается:

- создать единый координационный центр, который бы объединял по этому вопросу все госорганы. В этих целях представляется целесообразным обсудить создание (объединение) на базе существующих подразделений КНБ, МВД, АФМ Специальной Службы по противодействию киберпреступности при МВД РК по выявлению, пресечению и расследованию онлайн-мошенничеств и киберпреступлений.

-отнести эти уголовные правонарушения в разряд тяжких и особо тяжких преступлений с усилением ответственности и наказаний.

-привести с современными вызовами компетенции, полномочия, вопросы взаимодействия в соответствии уголовно-процессуальное, ведомственное законодательство правоохранительных и специальных органов.

-одновременно предусмотреть подготовку и переподготовку кадров, экспертов и специалистов для этой работы в высших и специальных учебных заведениях правоохранительного профиля.

-создать Единую межведомственную базу, Реестр IP, криптокошельков, доменов, правоохранительных и специальных органов. Укрепить материально-техническую базу этого ведомства.

Г.С. ИЩАНОВ,

Ветеран, Почетный работник прокуратуры РК, Почетный юрист РК, Адвокат, Руководитель экспертной группы СМГ ЗКО, ст.преподаватель ОП ПРАВО ЗКУ им.М.Утемисова

«Абай әлеміне саяхат»

Жуырда ИЯ-11 және ИЯ-13 топ кураторы Э.К. Утемисова, А.Е. Габдешева «Абай әлеміне саяхат» атты тәрбие сағатын ұйымдастырылды. 2025 жылы Абайдың 180 жылдығы екені мәлім. Бұл мерейтой – ақын мұрасын жаңаша зерделеп, жас ұрпаққа насихаттауға тамаша мүмкіндік.



Айтулы мереке – Абайды еске түсіріп қана қоймай, оның әдеби тынысына жаңа дем береді. Абай – өткір тілді, сыншыл, турашыл адам. Ол заманның әділетсіздігін батыл айтып, надандық пен алауыздықты сынады. Оның рухани мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін таусылмас қазына. Тәрбие сағаттың мақсаты: Абайды терең таныту, қара сөздерінен ғибрат алу, әндерін шырқау, аудармаларынан хабардар ету. Абай өлеңдері құты қашпас қазына, аудармасы - осының айғағы, жақсы аударма халық пен халықты жақындастырады, ұлт пен ұлтты бауырластырады. Абай ақындықты ерекше жоғары бағалап, құдірет тұтқан. Ақын жастардың оқу оқып, білім алып немесе белгілі бір өнер үйреніп, халыққа пайдасын тигізетін азамат болуын аңсаған ақын.

Ауқымды көрме ұйымдастырылды



«АҚИҚАТ» ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА!

Өңірімізде облыстық «Дін мен дәстүр» ақындар мүшәйрасы оздырылды.

Онлайн, офлайн іріктеу сындарынан сүрінбей өткен филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі» БББ 3 курс студенті, «Ақиқат» ЖҚБ ПО мүшесі Ширмедин Ақбота финалист атанып, сый-сияпатқа ие болды. Бұл жетістік – пікірсайысшылар тек дебат алаңында емес, өнер саласында да озық екенінің дәлелі. Ақботаны шын жүректен марапатымен құттықтай отыра, шығармашылық табыс тілейміз.



Қала күні мерекесіне орай «Oral Jastyry fest» жобасы аясында мәдениет пен өнерге бағытталған «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында ауқымды көрме ұйымдастырылды. Іс-шараға қаладағы мәдени ошақтар мен жоғары оқу орындары белсенді қатысып, өздерінің шығармашылық жетістіктерін көпшілікке паш етті.

Аталған көрмеде М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінің оқытушылары — Абдешев А.Б., Сарманбеков С.Т. және Дюсенбаев А.Ж. жетекшілік еткен жұмыстар ерекше орын алды. Көрмеге студенттердің қолынан шыққан түрлі жанрдағы көркем туындылар қойылып, көрермендердің жоғары бағасына ие болды. Көрмеде бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, дизайн саласындағы жұмыстар ұсынылып, жастардың креативті ойлау қабілеті мен кәсіби дайындық деңгейі анық байқалды. Іс-шараға келген қонақтар студенттердің шеберлігіне тәнті болып, олардың шығармашылық ізденістеріне сәттілік тіледі. «Мұндай іс-шаралар студенттердің кәсіби шыңдалуына, өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар бұл — жастардың өнер арқылы өз көзқарасын білдіруіне таптырмас мүмкіндік», — дейді көрмеге қатысушы оқытушылардың бірі Абдешев А.Б. Сондай-ақ Махамбет университетінің өнер ұжымы Орал қаласының әкімі М.Б. Байменовтың алғыс хатымен марапатталды. «Oral Jastyry fest» — қала жастарының шығармашылық өлеуетін дамытуға бағытталған маңызды платформаға айналып отыр. Мұндай жобалар өңірдегі мәдени өмірдің дамуына оң ықпалын тигізері сөзсіз.

БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІМЕН ДӘСТҮРЛІ КЕЗДЕСУ

М.Өтемисов ат. БҚУ-да 1-курс студенттерімен жыл сайынғы дәстүрлі кездесу ұйымдастырылды. Бұл шара – университеттің маңызды дәстүрлерінің бірі әрі жастардың студенттік өмірге сәтті бейімделуіне ықпал ететін маңызды қадам болып табылады. Кездесудің негізгі мақсаты – бірінші курс студенттерін университеттің ішкі тәртіп ережелерімен, «Ар-намыс кодексімен» таныстыру, сондай-ақ олардың білім беру және қоғамдық ортаға бейімделуіне қолдау көрсету.

Университет ішкі тәртіп ережелері мен «Ар-намыс кодексімен» таныстырылды. Студенттерге өзін-өзі басқару ұйымдары, ғылыми үйірмелер, спорттық және мәдени мүмкіндіктер жайлы мәлімет берілді. Деканат оқу үлгерімі, киім үлгісі мен университет беделін сақтау туралы ескертті. Кездесу соңында басшылық студенттерді жаңа өмір белесімен құттықтап, үлкен сенім артатынын жеткізді.

БҚУ: жаһандық білімге ашық есік

Батыс Қазақстан облысына ресми сапармен келген Чех Республикасы делегациясымен кездесу өтті. Кездесу барысында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімінің жетекшісі Владислав Зубков университеттің халықаралық қызметі жөнінде баяндады. Ол өз сөзінде шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен — Джордж Вашингтон университеті (АҚШ) және НАМК университеті (Финляндия) бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуын, сондай-ақ биоалуантүрлілік пен тұрақты даму мәселелерін зерттеуге бағытталған ғылыми жобаларды атап өтті.



Чехияның Палацкий университетінің өкілі Вендула Манякова студенттердің филологиялық даярлығы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытты. Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар одан әрі өзара ықпалдастық орнатуға уағдаласты. Іс-шараға сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Тіл – әрбір ұлттың жаны, сөзімінің, ойының жанды бейнесі. Қазақ халқы – сөзге шешен, ойы ұшқыр, мақалдап сөйлейтін халық. Кез-келген дауды атақты билеріміз бір ауыз сөзбен шеше білген. Ғасырдан-ғасырға жетіп, ата-баба аманаты болған тілімізді сақтап, өркендету бүгінгі ұрпақтың міндеті.

«Тіл халықтың жүрегі»

Осы орайда, филология факультетінде ИЯ-11 топ студенттері, жетекшісі А.Е.Габдешева және ИЯ-13 топ студенттері, жетекшісі Э.К.Утемисованың ұйымдастыруларымен тіл мерекесіне байланысты «Тіл - халықтың жүрегі» атты тәрбие сағатты өтті. Студенттерді мемлекеттік тілді өркендетуге, мемлекеттік тілімізді сүюге бағыттап, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстаудың маңыздылығын ұғындырып, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндірді. Сонымен қатар студенттердің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, сөздік қорын молайтатын, жұрт алдында еркін сөйлеуге баулитын, тәрбиелік мәні зор шара болды.

ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

2025-2026 оқу жылында құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасына «Тактикалық арнайы дайындық негіздері» пәні еңгізілді. Бұл пәннің мақсаты – студенттерді әскери тәртіпке бейімдеу, арнайы тактикалық дағдыларды меңгерту және болашақ кәсіби қызметке дайындау.

Осы пән аясында құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігінің әскери техникалық мектебінің Орал қаласыдағы филиалына барып, жауынгерлік сабақтарды өткізуге келісім алды. Бұл тәжірибе алмасуда студенттер үшін үлкен мүмкіндіктер өте көп. Себебі студенттер тек теория жүзінде емес, нақты әскери мамандармен жүздесіп, тәжірибе алмасу арқылы білімдерін толықтырды. Сабақ барысында студенттер саптық жүріс пен қатарға тұру ережелерін үйреніп, әскери амандасу тәсілдерімен танысты. Сонымен қатар автомат қаруының құрылымы мен жұмыс істеу принциптері түсіндіріліп, нақты үлгі арқылы көрсетілді. Сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әскери мамандар тарапынан берілген ақпарат нақты әрі жүйелі болды. Студенттер бұл тәжірибелік сабақты ерекше қызығушылықпен қабылдап, белсенділік танытты. Мұндай іс-шаралар олардың тек кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, патриоттық сезімін нығайтып, тәртіп пен жауапкершілікке баулиды. Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері алдағы уақытта да осындай тәжірибе алмасу сабақтарының жалғасатынына сенімді. Себебі теориялық білім мен практикалық дағдының ұштасуы – сапалы маман даярлаудың басты кепілі.

Жаңа мүмкіндіктер

Жақында шетел тілдері білім беру бағдарламасының 1-2 курс студенттеріне оқытушы А.С. Сисекешованың ұйымдастыруымен «American Corner Oral» координаторы Калмурзина Дина Сансызбайқызымен кездесу өтті.



Жиын барысында студенттерге АҚШ мен Қазақстан арасындағы байланысты дамытуға арналған білім беру саласындағы түрлі бағдарламалар, жаңа мүмкіндіктер туралы ақпарат берілді. Студенттер өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап алып, «American Corner Oral»-мен ұйымдастырылатын іс-шараларға белсене қатысып, волонтерлік жұмыс ұйымдастыруға шақырылды.

Тарих, экономика және құқық факультетінде «Welcome party» атты 1-курс студенттерін қатарға қабылдау кеші ұйымдастырылған болатын.

«WELCOME PARTY»

Кеш факультетіміздің деканы Журасова Алтынай Шугайқызы бастап, тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Жалекенова Гулбарам Тлеккабылқызының қолдауымен бастау алып, кейін активисттік құрамның өнерлерімен жалғасын тапты. Студенттерімізге түрлі ойындар ойнатылып, сыйлықтар табысталды. Аз уақыт ішінде орын алған бұл кеш, керемет әуенге жалғасып, студенттеріміз қосыла шырқады. Қаламыздағы «iMarket» техника дүкені спонсор болып, ең керемет билеген би жарыс жеңімпазына сымсыз құлаққаптар сыйлады. Осылай кешіміз өз мәресіне жетіп, студенттерімізден жылы лебіздер естідік.



Адам баласының өмір жолында ардақты да жауапты бір мамандық бар. Ол – ұстаз. Ұстаз болу – жай ғана кәсіп емес, бұл – жүрек қалауы, жанның таңдауы. Сол асыл жолды таңдап, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, ел руханиятына арнаған абзал жандардың бірі – Абуова Роза Сүйеуғалиқызы.

2025 жылдың 11 қыркүйегінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дәл осындай ұлағатты тұлғаның 60 жас мерейтойына арналған «Ұстаздық пен мәдениетке арналған ғұмыр» атты тағылымды кеш өтті. Бұл күн – мәдениет пен парасат, өнер мен өнегенің алтын арқауы сынды есте қалды.

Роза Сүйеуғалиқызының өмір жолы – ауылдағы қарапайым балалықтан бастап, ел мерейін үстем еткен мәдениет майталманына айналған үлкен тағдырнаманы құрайды. 1965 жылы Батыс Қазақстан облысы, Чапаев селосында дүниесі ашқан ол, жастайынан өнер мен руханиятқа жақын өсті. 1985

жиында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Қуанышұлы, факультет деканы Қарылғаш Рахымқызы, Режиссура, хореография және МТЖ білім беру бағдаламаларының жетекшісі Қарлығаш Дайрғалиқызы, ардагер ұстаз



«Ұстаздық — ұлы тағдыр, ұлтқа қызмет ету жолы»

жылы Орал қаласындағы мәдени-ағарту училищесін тәмамдап, Торғай өңіріндегі Қима ауылында алғашқы еңбек жолын бастады. Әдіскер болып басталған бұл сапар кейіннен ұстаздықпен ұштасып, шын мәнінде ұлтқа қызмет етудің кемел жолына айналды.

Өмірінің келесі белесі – Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институты. Бұл — оның ілім мен парасат жолындағы ізденісін тереңдетіп, кәсіби шеберлігін шыңдаған кезең. Ал 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде талмай еңбек етіп келеді. Роза Сүйеуғалиқызы жай ғана педагог емес, әрбір студентінің жанын түсінетін, қолынан жетелеп үлкен өмірге жетелейтін – нағыз ұлағатты ұстаз. Оған қарап бой түзеген талай жас бүгінде мәдениет әлемінде өзіндік жолын табуда. Салтанатты кеш – рух пен ризашылықтың көрініс ретінде мерейтой аясында өткен

Лидия Васильевна Рупенгей, сондай-ақ әріптестері мен түлектері, кеш қонақтары халық шығармашылығы орталығы және мәдени-ағарту бірлестігінің басшылары Маулет Өтемісұлы, Кенжегүл Мендібайқызы ізгі тілектерін білдіріп, мерейтой иесіне алғыс хаттарын табыстады.

«Ұстаз болу – ұрпаққа үміт егу» демекші бүгінде Роза Сүйеуғалиқызы – тәжірибесімен де, талантымен де, тағылымымен де дараланған тұлға. Ол – аға оқытушы, ғылым магистрі, «Қазақстан құрметті ұстазы» және «Үздік мәдениет қызметкері» медальдарының иегері. Бұл жетістіктер – бір күннің емес, тұтас ғұмырдың ерен еңбегінің жемісі. Оның тәлім берген шәкірттері – бүгінде елдің түкпір-түкпірінде өнер мен мәдениет саласында жемісті еңбек

етіп жүрген мақтаныштарымыз. Кеште осы шәкірттерінің бірі – республикалық айтыстардың жүлдегері, сазгер, айтыскер ақын Орынбек Меңдіқұлов арнау өлеңмен өз алғысын білдірді. Шәкірттер орындаған «Ұстазым», «Жақсы адамдарым» әндері жүректі тербеп, кешке ерекше әр берді, ал бейнеқұттықтаулар легі – ұстазға деген шынайы ықыластың, ризашылықтың айғағы болды.

Бұл күн – бір адамның ғана емес, барша ұстаздар қауымының еңбегіне деген құрметтің белгісі болды. Кеш соңында айтылған ақ тілектер мен ағынан жарылған естеліктер – адам өмірінің шынайы құндылықтарын айшықтап, рухани биіктікке жетелеген сәттер болды.

Абуова Роза Сүйеуғалиқызы – өз

кәсібіне адал, өнерге берілген, шәкірт тәрбиелеуге бар күш-жігерін жұмсаған нағыз ұстаз, нағыз тұлға. Оның өмір жолы – еңбек пен адалдықтың, парасат пен мәдениеттің өнегелі үлгісі.

Туған күн – келте қуаныш емес. Бұл – ғұмырлық еңбектің, саналы өмірдің, өшпес ізіннің еленген сәті. Роза Сүйеуғалиқызы – елдің есінде, шәкірт жүрегінде, әріптес ортасында өшпес із қалдырған ұлағат иесі.

Сізге мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, ұрпақ сүйінішіне айналған баянды ғұмыр тілейміз. Ұстаздық жолыңыз – мәңгілік!

Г.Е. ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Режиссура, хореография және мәдени-
тынығу жұмысы БББ аға оқытушысы,
магистр



Құрметті Талшын Есенманқызы, сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!
Ұзақ жылдар бойы ғылым мен білім саласына адал қызмет етіп, талай шәкірт тәрбиелеп, ұлттың рухани дамуына қосқан өлшеусіз үлесіңіз үшін сізге алғысымыз шексіз. Сіздің терең біліміңіз, биік парасатыңыз, ұстаздық ұлағатыңыз — кейінгі ұрпаққа үлгі. Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің биікке самғағанын көрген — нағыз ұстаз бақыты. Сізге мықты денсаулық, амандық, көңіліңізге шаттық, ал алдағы өміріңізге баянды ғұмыр тілейміз! Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Жаратылыстану-география факультетінің ұжымы




«Қызмет пен құрмет»

Еңбегі еленген қызметкер – елдің ең үлкен байлығы. Осы ұстанымды арқау еткен біздің факультетте «Қызмет пен құрмет» атты қызметкерлер күніне арналған салтанатты концерт болды. Концерт барысында түрлі салада аянбай тер төгіп жүрген қызметкерлер марапатталып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

Әріптестеріміздің қажырлы еңбегі сахна төрінде айрықша аталып өтті. Мерекелік кешті көңілді әндер, жүрекке жылы тиетін термелер мен мың бұралған би өнері әрлеп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Жас өнерпаздар мен кәсіби әртістердің қатысуымен өткен бағдарлама ұжымдық бірлікті, еңбектің қадірін тағы бір мәрте ұлықтады.

Өткенге үңілсек, қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы отыз-қырық жылының үлесіне тиері даусыз. Бұл кезең **«Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры»** делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде Елдес Омаров *«первый светоч науки»* деп баға берген. Сондай-ақ Ахаң *«ұлттың ар-намысы бола білген»* (С. Сейфуллин) *«қазақ жұртының көсемі»* (М. Әуезов) де. Бұл ретте белгілі лингвист ғалым Рабиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың: *«Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім. Ахметтану – тек бір ғана*



тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаса, осы жылдың қаңтар айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасаған-ды. 1995 жылдан бастап студенттерге *«Ахметтану»* арнайы курсы жүргізіліп, 1998 жылы университет баспасханасынан профессор А.С.Қыдыршаевтың *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* атты монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрген-ді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. *«Ахметтану: әдістану ілімі, әдістеме тарихы және оқыту технологиясы»* атты оқу құралы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді. Өз кезегінде кафедра жанынан жылма-жыл *«Ахметтану тағылымы»* атты оқыту семинарын (қыркүйек айында) өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Профессор А.С.Қыдыршаев 1995 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аспирантурасын тәмамдаған. Ол – елімізде алғаш рет *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* тақырыбында кандидаттық диссертациясын (1995 ж.), тұңғыш рет *«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»* (Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша) тақырыбында докторлық диссертациясын (2001 ж.) қорғаған. Ғалымның *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* (Орал, 1998 ж.), *«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»* (Алматы, 2000 ж.), *«Педагогикалық риторика»* (Орал, 2023 ж.) атты монографиялары басылым көрген. 1998 жылы жарық көрген *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* атты монографиясына жазған алғы сөзінде **Қазақстан Республикасына Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева: «Зерттеу авторы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұраларын жан-жақты талдап, оның әр қырын ғылыми тұрғыда көрсете білген. Әр ғалым өз кезегінде ғылыми жаңалықтарды, әдістемелерді толық меңгеру арқылы ғылыми тұрғыда қалыптастырады.**

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ» ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ



қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс» деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғұмар Қараш, Телжан Шонанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы және тағы басқалар туралы іргелі де кең тынысты зерттеулерге ден қою да. Өз тұсында Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде Мұхтар Әуезов *«Ахаңның елу жылдық тойы (юбилейі)»* («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, №270), Міржақып Дулатов *«Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов»* (биографиялық очерк), Ілияс Омаров *«Ученая деятельность А.Б. Байтұрсунова»*, Телжан Шонанов *«Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы»* сияқты материалдарын жариялаған-ды. Кейін алғашқылардың бірі болып Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде *«Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) ахметтанушы ғалым А.С.Қыдыршаев профессор Нұржамал Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»*

Осы ретте А.Байтұрсынұлының өз заманының әдістеме ілімін толық меңгеруі оның өз жүйесін жасауына негіз болғанын А.С. Қыдыршаев өте байыпты дәлелдеген. А.Байтұрсынұлы өліппесінің жалпы сипаттамасы мен әдістемелік негізі кітапта толық талданған. Ал ана тілі бойынша оқулықтарын талдау, сипаттау да ғылыми тұрғыдағы толыққанды теориялық негізде жазылған. Еңбекте, әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргә тасын қалаушы ретіндегі қызметі өте тиянақты, теориялық тұрғыда анық дәлелдемелер арқылы ғылыми негізде жазылған. Қазақ халқының ұлы даңышпан азаматының мол ғылыми мұрасын халыққа жан-жақты толық таныстыру – қазіргі ғалым азаматтардың зор міндеті. Осы міндетті А.С.Қыдыршаев абыроймен зерттеу кітабы арқылы толық атқарған деп санаймын», – деп жоғары баға берген-ді. Сондай-ақ, өз кезегінде аспирант жас ғалым Абат Қыдыршаевтың «Жалын» журналында *«Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші»* атты кең көлемдегі ғылыми-әдістемелік мақаласы (Алматы, 1993 ж., №3), докторант ғалымның «Қазақстан мектебі» журналында (Алматы, 2000 ж., №4, №5, №6) алғашқы рет елімізде шешендіктану (риторика) негіздерін оқытудың қағидаттары, формалары мен әдістері туралы ғылыми-әдістемелік мақалалар топтамасы жарияланған-ды...

Бүгінгі таңда профессор Абат Қыдыршаев – республикамызда «Шешендіктану» оқулығын тұңғыш рет жазып, мемлекеттік тіліміздің дамуына және мамандар даярлау ісіне зор үлес қосушы. Ал «Шешендіктану» оқулығы мол сұранысқа ие болып, оқу құралы бес рет (2004; 2013; 2015; 2023; 2025) басылым көрген. Сондай-ақ «Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының жаршысы» ғылыми журналында *«Білім беру жүйесіндегі шешендік өнер»* айдары ашылып, жыл бойы ғылым саласы бойынша мақалалар топтамасы жарияланған (Алматы, 2013 ж., қаңтар-желтоқсан). Республикалық әдеби-көркем, көпшілік «Таң-Шолпан» журналының 2021 жылғы №6-санында (Алматы, қараша-желтоқсан, 150-154-б.б.) «Ғалымның сөзі» айдарымен *«Көркем шығарма – рухани жаңғыру көзі»* атты публицистикалық мақаласы жарық көруі құптарлық...

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» тұрғысында ана тілімізді ардақтауды аманат еткен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластыра «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» Үкімет қаулысына сәйкес елімізде 05 қыркүйек «Қазақстан халқы тілдері күні» ретінде белгіленуінің өзіндік символикалық мәні бар деп білеміз. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің еліміздегі тіл саласына арналған ведомстволық марапаты ретінде тағайындалған **«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ» ТӨСБЕЛГІСІН** де тілдер мерекесінде тапсыру дәстүрге айналған. Ережеге сәйкес осы марапатпен мемлекеттік тілдің және этнос тілдерінің дамуына, тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған бағдарламалардың нәтижелі орындалуына және әдістеме, ономастика, терминология, аударма салаларына, білікті мамандар даярлауға атсалысқан тұлғалар марапатталуда. Сондай-ақ қоғамдық пікірге қозғау салып, ақпараттық-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізген лайықты тұлғалар да марапатқа ие болмақ. Төбелгімен Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырып, халықаралық



қатынастарда тіл саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқан шетел азаматтары да марапатталуы орынды.

2025 жылғы 05 қыркүйек күні БҚО Орал қаласындағы «Атамекен» өнер ордасында өткен мерекелік *«Тіл – тұтастық туы»* атты жалпыхалықтық тіл фестивалінде Батыс Қазақстан облысының әкімі **Нариман Төреғалиұлы Төреғалиев М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлына «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісін табыстады. Белгілі шешендіктанушы, ахметтанушы ғалым ағамызды осы лайықты марапатымен қызу құттықтай отырып, айдай жарқырағайсыз, жұлдыздай жылтырағайсыз, күллі ісіңіз өрде, алтын басыңыз төрде болғай дегіміз келеді.**

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Аяулым ҚЫДЫРСИХОВА,
Қоғамдық даму департаментінің әдіскері

Инновациялық технологиялар – оқыту үдерісінде жаңа, тиімді, креативті әдістер мен құралдарды пайдалану. Бұл ұғым тек техникалық құрылғыларды емес, сондай-ақ **интерактивті әдістерді, педагогикалық ойындарды, платформалар мен қосымшаларды** да қамтиды.

Жалпы психология пәні – теориялық біліммен қатар практикалық дағдыны талап ететін сала. Сондықтан студенттің **белсенді қатысуына негізделген сабақ құрылымы** маңызды. Мұндайда **инновациялық әдістер** тиімді:

Mentimeter, Kahoot, Quizizz – білімді тексеру, талдау, пікірлесу

Padlet, Jamboard – топтық жобалау, пікір алмасу

Case-study, Role-play, Debates – өмірлік жағдаяттарды психологиялық тұрғыдан шешуге үйрету

Семинар сабағында инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі

Интерактивті және инновациялық технологияларды қолдану студенттердің мынадай қабілеттерін дамытады:

Сыни ойлау: тапсырмалар арқылы ақпаратты талдай білу, салыстыру, қорытынды жасау дағдылары қалыптасады

Коммуникативтік қабілет: пікір алмасу, қорғау, дәлелдеу дағдылары жетіледі

Шығармашылық: қиял мен жаңа идея ұсыну қабілеттері дамины

Рефлексия: студент өзінің оқу нәтижесіне баға беріп, даму жолдарын анықтайды

Жалпы психология – тұлға дамуы, мінез-құлық, танымдық үдерістерді қарастыратын іргелі ғылым саласы. Оны оқыту барысында **дәстүрлі әдістерді** қазіргі заман талаптарына сай **инновациялық әдіс-тәсілдермен толықтыру** – болашақ мамандарды даярлауда үлкен рөл атқарады.

Семинар сабақтарында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі – студенттердің білімді белсенді түрде меңгеруіне, талдау, салыстыру, қолдану және

рефлексия жасау қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл тәсілдер сабақтың атмосферасын жандандырып, психология пәнін тек теория ретінде емес, **өмірмен, тәжірибемен ұштасатын ғылым** ретінде қабылдатуға мүмкіндік береді. Осыған орай, жалпы психология сабағында интерактивті оқыту формаларын тұрақты түрде қолданып, оқу үдерісін студентке бағдарланған форматта жүргізу – заманауи білім берудің басты талабы.

Жалпы психология пәнінен «Темперамент

жұмыс, кері байланыс, бағалау және қорытынды.

Практикалық бөлімде студенттер темпераментке байланысты **«Темперамент анықтау тестін»** орындап, өз типтерін анықтады. Сонымен қатар, шағын топтарға бөлініп, темпераменттің күнделікті өмірдегі көрінісіне байланысты рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Бұл студенттердің бір-бірін тереңірек танып, өз ерекшеліктерін дұрыс қабылдауға көмектесті.

Қорытынды бөлімінде студенттер

қолданылған интерактивті әдістер, топтық жұмыстар мен практикалық тапсырмалар оқу үрдісінің тиімділігін арттырды. Бұл семинар сабақ жалпы психология пәнінің өмірмен тығыз байланысын айқын көрсетті және студенттердің болашақ кәсіби қызметінде темперамент ерекшеліктерін ескеруге бағыт-бағдар берді.

Қорыта келе, жалпы психология пәні бойынша семинар сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану **білім сапасын арттырудың, студент**

Жалпы психология пәні бойынша семинар сабағында инновациялық технологиялардың тиімділігі

Қазіргі білім беру жүйесі жаңартылған мазмұнға негізделіп, студенттердің шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын және зерттеушілік дағдысын дамытуға бағытталған. Осы орайда жалпы психология пәнінің маңызы зор, себебі ол жеке тұлғаның психикалық даму заңдылықтарын түсінуге жол ашады. Аталған пәнді семинар форматында оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдану – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, практикалық дағдыларын дамытудың негізгі жолы болып табылады.

және жеке адам» тақырыбында семинар сабақ жүргізілді. Сабақ студенттердің психологиялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың өзін-өзі тану қабілетін арттыруға, тұлғалық ерекшеліктерін түсінуге жол ашты.

Семинар сабақтың негізгі мақсаты – студенттерге темперамент туралы түсінік беру, әр адамның темпераментін анықтау әдістерін үйрету және оның әлеуметтік қарым-қатынасқа, кәсіби қызметке, және жеке өмірге әсерін түсіндіру болды. Сабақтың құрылымы мазмұнға сай бірнеше кезеңге бөлінді: кіріспе, негізгі бөлім, практикалық

рефлексия жасап, сабақтан алған әсерлерімен бөлісті. Кері байланыс парақтары арқылы сабақтың тиімділігі бағаланды. Көптеген студенттер бұл сабақтың өзін-өзі тануға, тұлғалық даму жолдарын түсінуге ерекше әсер еткенін атап өтті.

«Темперамент және жеке адам» тақырыбындағы семинар сабақ студенттердің психологиялық танымын кеңейтіп қана қоймай, өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды іс-шара болды. Сабақ барысында

белсенділігін көтерудің және теорияны тәжірибеге ұштастырудың тиімді құралы болып табылады. Заманауи технологиялар психология пәнін игеруде тек құрал емес, **оқытудың жаңа мәдениеті** ретінде қарастырылуы тиіс. Оқытушы инновацияны мақсатқа сай дұрыс таңдай білсе, сабақ нәтижелі әрі әсерлі өтеді.

Ж.Г. БАЙГАЛИЕВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. Педагогика факультеті.
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы оқытушысы, магистр

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ТАКТИКАСЫ

Спорт - бұл өмір! Спорт әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдардың көпшілігінің ажырамас бөлігіне айналды! Біз бәріміз әртүрліміз және әртүрлі спортпен айналысамыз. Әрқайсымыз түсінеміз сүйікті ісіңнің қыр-сырын, кейде бүкіл өміріңді соған арнау. Әсіресе, өз жұмысын жақсартқысы келетіндер, жаңалықтарды қадағалайтындар немесе әртүрлі нәрселерді ойлап табатындар физикалық деректеріңізді жақсартуға арналған жаттығулар. Волейбол да ерекшелік емес. Кәсіби спортшылар да жаттығуларға уақыт бөледі, өз білімдерін шыңдайды шеберлік, кемелдікке жетуге тырысу. Өйткені, жақсы ойын ойыншының талантына ғана емес, оның техникасына да байланысты. Волейбол техникасы күрделі қабылдаулар, пастар, шабуыл соққылары, пастар және т.б. Жақсы техникасыз команда жеңіске келмейді, бұл бір жерде бірдеңе жетіспейді немесе түзетілмейді дегенді білдіреді. Бұған жол бермеу үшін ойын жаттығуларына қатысу керек, өйткені ойын сіздің өнімділігіңізді жақсартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар ойында қолдануға болатын дұрыс құрастырылған жаттығулар жиынтығы. Волейбол ойнау техникасы алаңда болып жатқан барлық нәрсенің негізі болып табылады. Команданың жеңіске жету-жеңбеу сіздің дайындығыңызға және жаттығуыңызға байланысты.

Волейбол ойынының техника ережелерін үйрету

Бала кезімізден бізде бәсекелестік рухы бар. Мектепте оқып жүрген кезімізде де кім қандай баға алды деп жарысатынбыз. Ендеше, қазір ересектер ретінде біз

жарысты жалғастырамыз. Бұл қай салада болғаны маңызды емес, біз әрқашан жеңіске жетуді қалаймыз. Командалық спортпен шұғылданғандықтан, жеңіске деген құштарлық командадағы ойыншылардың санына қарай артады. Жеңіске жету үшін тек қалау ғана емес, сонымен қатар дайындықтың өзі де маңызды. Волейболды сауатты ойнап, команданы жерге қаратпау үшін ең алдымен волейбол техникасының ережелерін меңгеру керек. Сіз волейбол туралы бәрін білемін деп ойласаңыз да, жадыңызды жаңартқаныңыз жөн, өйткені ережелер өзгеруі мүмкін. Волейбол техникасын үйрену алаңда өзін сенімді сезінуге көмектеседі және қара қой сияқты көрінебейді. Волейбол техникасын оқыту әдістемесі ең алдымен ойында өзін-өзі ұстау ережелерін түсінуге негізделген және алаңда өзін дұрыс ұстауды үйренуге, ең алдымен қажетсіз жарақаттарды болдырмауға көмектеседі. Өйткені кез келген спорт травматикалық. Волейбол ойнау техникасына жаттықтыру ойыншылардың физикалық мәліметтерін жақсартуға бағытталған және олардың ойын көрсеткіштерін арттыруға көмектесетін арнайы оқу сабақтарында жүзеге асырылады. Волейбол ойнау техникасын үйрету әдістемесі, ең алдымен, сіздің бұрынғы қателіктеріңізді жоюға және ойын жаттығуларында жүзеге асыруға болатын нәтижелерді бекітуге көмектеседі.

Волейбол ойынының негізгі элементтерінің техникасы

Волейбол – бұл техникалық тұрғыдан жақсы үйлестірілген ойын, мұнда әрбір жинаған ұпай өз бойындағы қажырлы еңбектің нәтижесі болып табылады.

Мұнда әрбір элемент асыл тастармен кесілген. Волейбол ойынында белгілі бір биіктерге жету үшін волейбол техникасының негіздерін білу керек. Волейбол элементтерінің техникасы қабылдау, беру, блоктау, шабуыл соққысы, допты қабылдау кезінде дұрыс орнату. Қызмет көрсету, допты қабылдау, пас беру және шабуылдаудың арасында белгілі бір байланыс болғандықтан, «доптың астына өтуді» дұрыс үйрену керек. Ал ол үшін волейбол ойнау техникасының элементтерін дамыту керек. Ойын жаттығуларына қатысу арқылы сіз өзіңізде жасырылған, сіз тіпті білмеуіңіз мүмкін белгілі бір ойын қорларын дамыта алмайсыз. Волейбол ойынының негізгі әдістемесі - өз бетімен ойнауды үйрену емес, командамен бірге ойнауды үйрену. Волейболдың негізгі элементтерінің әдістемесі тек жаттығу процесін ғана емес, сонымен қатар әр ойыншының күштері мен мүмкіндіктері біркелкі бөлінген ойын процесін құруға көмектеседі. Волейбол ойынының негізгі элементтерінің техникасы ойын техникасының негізі болып табылады, онсыз сіз алаңда адасып қаласыз. Кез келген спортта жаттығу мен демалыс арасында белгілі бір тепе-теңдік болуы керек. Біздің жағдайда, волейболда жаттығу - жұмыс, ал ойнау - біздің жұмысымыздан демалыс. Біздің жұмысымыздың нәтижесін сіз ғана емес, сайттағы әріптестеріңіз де бағалай алады.

Волейбол ойынының техникасы мен тактикасын оқыту

Егер сіз волейбол сияқты спорт түрімен айналысуды өзіңіз шешсеңіз, ең алдымен сізде бар волейбол туралы білімге назар



аудару керек. Ал егер сіз алыс өткенде ойнасаңыз да, біліміңізді жаңарту керек. Өйткені волейбол допты алаңның бір жағынан екінші жағына лақтыру ғана емес, волейбол жақсы үйлестірілген тактика мен техника. Волейбол техникасы мен өнімділігін арттыру үшін жаттығуларға қатысу керек. Негізінен бастаған дұрыс, ал негізі жаңадан бастағандар үшін волейбол техникасы. Волейболда сізде қандай ойын техникасы маңызды рөл атқарады. Егер сіздің техникаңыз ең жақсы болса, онда ойын тактикасы өзгереді және волейболда белгілі бір биіктерге жету үшін әрбір элементті шыңдау керек, тек техникада жаттығу ғана көмектеседі. Егер бірдеңе сізге көмектеспесе де, жаттықтырушы әрқашан волейболды қалай дұрыс ойнау керектігін түсіндіреді және техниканы дұрыс орнатуға көмектеседі! Әрбір жаттығуда жаттықтырушы волейбол техникасы мен қозғалыстарды үйлестіру бойынша әртүрлі жаттығулар береді, бұл сіздің командаңыздағы кез келген ойыншыға бейімделуге көмектеседі!

Н.Н. НАУРЗБАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Педагогика факультеті, оқытушы, магистр

Білім берудің қазіргі заманғы міндеттері ұлттық рухани мұраны заманауи технологиялармен ұштастырып, студенттердің шығармашылық қабілетін арттыруды талап етеді. Қазақ халқының қолөнері – тәрбие мен мәдениеттің алтын арқауы. Соның ішінде сырмақ – ою-өрнекке бай, көркемдік шешімі күрделі және мағынасы терең қолданбалы өнер түрі. Бұл мақалада сырмақ жасау техникасын киім дизайны мен интерьер декорында қолданудың инновациялық әдістері қарастырылады. Сабақтың мақсаты – дәстүрлі өнерді жаңаша сипатта дамыта отырып, білім алушылардың көркемдік танымын арттыру.

Сырмақ техникасының мазмұны мен тәрбиелік мәні.Сырмақ — киіз негізінде жасалып, симметриялық оюлармен көркемделетін бұйым. Ондағы ою-өрнек элементтері қазақ халқының дүниетанымын, өмір салтын, табиғатқа деген көзқарасын білдіреді. Сырмақтағы түстер үйлесімі мен ою композициясы тек эстетикалық ғана емес, символдық мәнге де ие. Сырмақ — қазақ халқының бай қолөнер дәстүрінің бірегей үлгісі. Ол – киізден жасалатын, бетіне түрлі-түсті матадан қиылған ою-өрнектер жап-сырылып, симметриялы композициямен көркемделетін сәндік-қолданбалы бұйым. Негізінен төсеніш ретінде қолданылатын сырмақтар тұрмыстық қажеттілікпен қатар, эстетикалық талғам мен рухани танымның көрінісі болып табылады. Сырмақтың бетіне салынатын ою-өрнектер терең символдық мәнге ие. Әрбір өрнек қазақ халқының дүниетанымын, өмірлік философиясын, табиғатпен үйлесімін бейнелейді. Мысалы, қошқар мүйіз, тұмарша, ирек, гүл, жапырақ секілді оюлар адамның қоршаған ортаға деген көзқарасын, табиғатпен етене байланысын және өмірлік бағыт-бағдарын білдіреді. Бұл өрнектер кездейсоқ емес — олардың әрқайсысы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен таным мен тәрбие коды іспетті.Сырмақ техникасында негізгі назар түстер үйлесіміне аударылады. Ашық әрі қанық түстер — өміршеңдікті, қуанышты, молшылықты білдірсе, жұмсақ, сабырлы түстер — парасаттылық пен байсалдылықтың белгісі ретінде қабылданады. Бұл түстердің үйлесімі арқылы шеберлер тек сұлулықты ғана емес, ұлттық құндылықты да жеткізген.Сырмақтың тәрбиелік мәні зор. Ең алдымен, ол — еңбекке баулу мен шыдамдылықты, ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін күрделі процесс. Қыз балалар мен жас келіндерге сырмақ тігуді үйрету — оларды ұлттық құндылықтарды

«СЫРМАҚ ТЕХНИКАСЫМЕН ОРЫНДАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІ КИІМ ДИЗАЙНЫ МЕН ДЕКОРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ҚОЛДАНУ»

қастерлеуге, әсемдікті бағалауға, отбасылық тәрбие мен аналық жауапкершілікке баулудың бір жолы болған. Сырмақты жасау барысында жасалған әрбір әрекет – қолданбалы өнердің ғана емес, рухани тәрбиенің де бөлігі. Білім беру жүйесінде сырмақ техникасын оқыту — студенттердің шығармашылық қабілетін дамытумен қатар, оларды ұлттың мәдениетіне жақындататын, рухани болмысын байытатын тиімді әдіс. Оюларды қию, орналастыру, үйлестіру — баланың қиялын, көркемдік талғамын, логикалық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, бұл жұмыс барысында студент өзін халық өнерінің бір бөлшегі ретінде сезініп, ұлттық болмысты бойына сіңіреді. **Инновациялық қолданыс: сән және дизайн саласында.**Бүгінгі таңда ұлттық нақыштағы киімдер мен интерьер бұйымдарына сұраныс артып келеді. Сырмақ техникасын заманауи киімдерге (камзол, көйлек, пальто, күртеше) қолдану арқылы ерекше стиль қалыптастыруға болады. Бұл әдіс технологиялық жағынан да тиімді: матаға тігілуі жеңіл, көрнекілігі жоғары, әрі ұлттық реңк береді.Интерьер декорында да сырмақ техникасын панно, жастық, кілемше, қабырға сәндеулері ретінде қолдануға болады. Бұл –студенттердің шығармашылық жобаларын байытуға мүмкіндік береді. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтап қалу мен оны заманауи өмір салтына бейімдеу — сән мен дизайн саласының маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Соңғы жылдары ұлттық нақыштағы киімдер мен интерьерге арналған бұйымдарға сұраныстың артуы — халықтың өз мәдениетіне бет бұрып, төл өнерге деген қызығушылығының көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, сырмақ техникасын киім үлгілерінде және интерьер дизайнында қолдану — дәстүр мен заманауилықтың тоғысуынан туған тиімді тәсілдердің бірі. Интерьер дизайны саласында да сырмақ техникасының мүмкіндіктері мол. Панно, жастық

қаптары, кілемшелер, үстел жапқыштары, қабырға әшекейлері сынды декоративтік бұйымдар арқылы үй ішін ұлттық нақышта безендіруге болады. Бұл бағытта «этно-дизайн» стилі кеңінен дамып келеді. Интерьерлік декорда қолданылатын сырмақ элементтері қазақ халқының дәстүрлі өнерін бүгінгі күннің интерьер мәдениетімен үйлестіруге сеп болады. Бұндай жобалар студенттер мен оқушылардың тек көркемдік талғамын емес, композициялық ойлау қабілетін, колоритпен жұмыс істеу шеберлігін де дамытады.Сырмақ техникасы — дәстүрлі қолөнердің озық үлгісі ретінде білім беру үдерісінде шығармашылық жобаларға арқау бола алады. Осы арқылы студенттер мен оқушылар ұлттық мұраны жаңғыртып, өз жұмыстарында ұлттың рухани кодын сақтауға үлес қосады. Сонымен қатар, бұл тәсіл болашақ мамандардың кәсіби бағыт-бағдарын анықтап, отандық сән индустриясына жаңа идея ұсынуға жол ашады.

Қорыта келе, Сырмақ техникасын білім беру үдерісіне енгізу — дәстүр мен инновацияны ұштастыратын заманауи әдістемелік қадам. Бұл тәсіл тек көркемдік бағыттағы пәндердің мазмұнын байытып қана қоймай, жас ұрпақтың ұлттық мәдениетке деген танымын тереңдетіп, олардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді құралы бола алады. Сырмақ – өзінің терең мазмұны, көркемдік шешімі және тәрбиелік маңызы арқылы білім алушыларға эстетикалық талғам қалыптастырумен қатар, еңбек дағдыларын, ұқыптылық пен шыдамдылық қасиеттерін меңгертуге ықпал етеді.

Ш.Е.КАТЧЕКОВА,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті Мектептегі көркем еңбек және дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын даярлау білім беру бағдарламасы аға оқытушысы*

ФРАНЦУЗ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Француз тілі – күрделі әрі мәдени маңызы зор тілдердің бірі ретінде оқытушылардан креативтілік пен әдістемелік икемділікті талап етеді. Осы орайда, француз тілін оқытуда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану – білім сапасын арттырудың басты тетігіне айналуға. Осы мақалада рөлдік ойындар мен музыканы оқыту процесінде тиімді пайдалану тәжірибесі қарастырылады. Бұл әдістер оқушылардың коммуникативтік құзыретін дамытып, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Инновациялық технологиялардың ішінде рөлдік ойындар мен музыканы қолдану әдісі ерекше орын алады. Бұл тәсілдер оқушылардың тілдік ортаға енуіне, сөйлеу қабілетін дамытуға және шынайы коммуникативтік жағдайларды меңгеруіне мүмкіндік береді. Аталған мақалада осы екі әдісті француз тілін оқытуда тиімді пайдалану жолдары жан-жақты қарастырылады.

1. Инновациялық технологиялар – шетел тілі сабағының мазмұнын жаңарту құралы. Бұл оқу процесін жаңартуға, оны тиімді әрі қызықты етуге бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер мен құралдар жиынтығы. Шетел тілін оқытуда бұл ұғымды былайша ашуға болады:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану – мультимедиялық презентациялар, он-лайн платформалар, бейнероликтер;
- Интерактивті оқыту әдістері – топтық, жұптық жұмыс, жобалық әдіс, дебат;
- Ойын элементтерін қолдану – рөлдік және іскерлік ойындар, викториналар, симуляциялар;
- Шығармашылық технологиялар – ән айту, поэзия оқу, театрландырылған көріністер.

Осы әдістер білім алушының тілді механикалық жаттаудан гөрі, шынайы өмірлік жағдайларда қолдануға бейімделуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олар оқушылардың оқу мотивациясын күшейтеді, тілдік тосқауылды жояды.

2. Француз тілін оқытуда рөлдік ойындарды қолдану ерекшеліктері

Рөлдік ойындар – студенттердің сөйлеу әрекетін дамытатын, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын тиімді әдіс. Бұл әдіс арқылы студент өзіне берілген рөлді ойнай отырып, тілдік материалды практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік алады. Рөлдік ойындардың бірқатар артықшылықтары бар:

- Шынайы тілдік жағдаяттарда сөйлеу тәжірибесін береді;
 - Студенттердің сөйлеу белсенділігін арттырады;
 - Тыңдалым, айтылым және диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытады;
 - Тілдік кедергіні төмендетеді.
- Француз тілі сабағында қолдануға болатын рөлдік ойын түрлері:
- «Кинода», «Кафеде тапсырыс беру», «Әуежайдағы әңгіме», «Танысу»;
 - Мәдениеттік контексте «Франциядағы қонақта болу», «Француз мектебінің бір күні» сияқты көріністер.
- Оқытушы рөлдік ойындарды дайындау барысында олардың тілдік деңгейін және қызығушылықтарын ескергені жөн. Сонымен қатар, рөлдік ойыннан кейін кері байланыс беру, сөйлеу қателіктерін түзету маңызды.
- Музыка мен әндер – тіл үйренушінің есту арқылы есте сақтауын күшейтетін және эмоциялық қатынасын арттыратын құрал. Француз тілінде фонетика мен интонация күрделі болғандықтан, әндер арқылы студенттер дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыланады. Сонымен қатар, музыка:
- Жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға көмектеседі;
 - Мәдениетпен танысуға мүмкіндік береді;
 - Сабаққа жағымды эмоционалды фон береді.
- Француз тілі сабақтарында пайдалануға болатын әндер ретінде төмендегілерді айтсақ болады. Мысалы: Edith Piaf – «La vie en rose», «Non, je ne regrette rien»; Zaz – «Je veux»; Stromae – «Papaoutai», «Formidable» және т.б.
- Әндерді сабақта қолданудың жолдары:
- Сөздерді қалдырып, оқушыларға толықтыру тапсырмасын беру;
 - Ән мәтіні бойынша грамматикалық талдау жасау;



- Ән мазмұнына байланысты талқылау, пікір айту.

Рөлдік ойындар мен музыканы үйлестіре отырып сабақ құру студенттердің сабаққа деген белсенділігін арттырады. Мысалы, белгілі бір әнге негізделген жағдаятты сахналау – екі әдісті біріктірудің жарқын мысалы. Сонымен қатар бұл олардың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Әдістерді біріктіру сабақ құрылымының логикалық дамуын қамтамасыз етеді.

Француз тілін оқытуда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрінісі. Рөлдік ойындар мен музыканы қолдану арқылы тілді тек меңгеріп қана қоймай, оны өмірлік жағдаяттарда қолдануға дағдыландыруға болады. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың эмоционалды, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда оқушыны тек біліммен қаруландыру жеткіліксіз, оны шынайы өмірге бейімдеу қажет. Бұл бағытта инновациялық әдістер – сенімді көмекші. Сондықтан француз тілі мұғалімдері оқыту әдістемесін үнемі жетілдіріп, заманауи құралдарды батыл пайдалану арқылы білім сапасын арттыра алады.

А.С. СИСЕКЕШОВ,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Шетел тілдері және әдебиеті мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы оқытушысы, магистр*

ЖОЛДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы елімізде кеңінен талқыланды.

Аталған құжатта экономикалық өсім, әлеуметтік әділеттілік, инфрақұрылымды дамыту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, шағын және орта бизнесті қолдау, ауыл-аймақтардың өркендеуі, экология және білім беру салалары бойынша маңызды міндеттер айқындалған. Тарих, экономика және құқық факультеті Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының доценті Б.С.Боранбаева «Истр-41» тобында кураторлық сағат өткізіп, студенттерді Жолдаудың мазмұнымен таныстырды. Студенттер Жолдаудың мәні мен мазмұны туралы өз ой-пікірлерімен бөлісті.



«Dalagashyq» сайысы өтті

Мемлекет басшысы бекіткен тұжырымдама шеңберінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше рухани серпіліс сыйлаған «DALAGASHYQ» сайысы ұйымдастырылды. Табиғат аясында өткен бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жеңімпазды анықтау емес, әр студенттің өнерін көпшілікке паш ету, шығармашылық орта қалыптастыру, жаңа ойлармен бөлісу және табиғатты қорғаудың мәнін ұғындыру болды. «DALAGASHYQ» сайысының әрбір кезеңі ерекше форматта көрсетілді.

Бірінші кезеңде қатысушы өзіндік таныстыруларын ұсынды. Әр топтың таныстыруы ерекше форматта өтті: бірі ұлттық дәстүрді дәріптесе, енді бірі заманауи әдістер арқылы тың идеяларын жеткізді.

Екінші кезеңде өнер алаңы қыза түсті. Өн айтылып, би биленіп, өлеңдер оқылып, театрландырылған қойылымдар сахналанды. Бұл сәт жастардың шығармашылығын шыңдап қана қоймай, табиғат аясында өнердің шынайы құндылығын сезінуге мүмкіндік берді.

Үшінші кезең тосынсыз ретінде ұйымдастырылып, қатысушыларға кез келген заттан, табиғи дыбыстардан музыкалық аспап ойлап тауып өнер көрсету болды. Бұл бөлімде студенттердің тапқырлығы мен шынайы таланты айқын көрінді. Сайыс барысында өнер көрсеткен әрбір топтың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Мәдениет және өнер факультетінің профессор-оқытушылар құрамынан құралған әділқазылар алқасы әр қатысушының өнерін әділ бағалап, олардың шығармашылық ізденісіне назар аударды.

«DALAGASHYQ» сайысы жастарға бос уақытын тиімді өткізуге, табиғатпен үндестік жасауға, бір-бірімен жаңа идеялар алмасуға және экологиялық мәдениетті нығайтуға жол ашты. Бұл іс-шара – өнер мен табиғаттың, шығармашылық пен достықтың тоғысуынан туған ерекше сайыс болды.

Салтанат АСЫЛБЕКОВА,
ҚДР-21 тобының студенті



«ЖАҢА ЛЕП» — жаңа бастаманың алғашқы қадамы

Физика-математика факультетінде ерекше қуаныш пен шаттыққа толы күн болды. Факультет қабырғасында алғаш қадам басқан 1-курс студенттерін қарсы алу мақсатында «Жаңа леп» атты танысу және тимбилдинг іс-шарасы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің жаңа ортаға бейімделуіне, бір-бірімен жақынырақ танысып, достық қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік жасау.

Әр түрлі қызықты ойындар мен ұжымдық тапсырмалар студенттердің белсенділігін арттырып қана қоймай, ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиеледі. Тимбилдинг барысында жас студенттер өздерінің шығармашылығын, ой ұшқырлығын және топпен жұмыс істей білу қабілеттерін көрсетті. Іс-шараға қатысқан әрбір студент өзіне жаңа серіктес тауып, жаңа ортада сенімді қадам басуға ықпал ететін жағымды әсер алды. «Бірлік бар жерде — береке бар» демекші, факультетке жаңадан қосылған жас буынға үлкен үміт артылып отыр. Алдағы оқу жылында білім мен ғылым жолында табысты, белсенді әрі шығармашыл тұлға болып қалыптасуларына тілектеспіз. Жаңа леппен келген студенттерімізге ақ жол, сәттілік тілейміз!



Егер де көкте Құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз. Қашан да өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болары мәлім. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (*А.Байтұрсынұлы*). Біле білсек, мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкірттің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті, дарынды адамның өзіне де көп көмек керек.

Елімізде әлемнің бәсекеге мейілінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басу жолындағы негізгі басымдықтардың сапында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісі жүйесін қайта қарау қажет. *«Адал адам- адал еңбек-адал табыс» бағытындағы Ұлттық құрылтайдың елдік тұжырымдамасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне зор серпін беруде.* Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Осы тұрғыдан ой таразыласақ, *бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті - шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыпты дамуына қол жеткізуге бағытталған эмоционалды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуалды қалпы (профессиограммасы).*

Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейпінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Ал оқытушы *риторикалық тұлға, ритор-педагог ретінде* бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияаралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдебімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірің болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре, құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі.

Тұлға қарым-қатынаста шыңдалады десек, тұлғалылық, яғни, дидактласушысын тыңдай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог *тәңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс.* Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген ритор-педагог тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс. Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетшілік, мектепшілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларын жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. *Бұның бәрі өзіңді ритор маман ретінде танытуға бейімдейді.* Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. *Олар: сөйлеушінің сөйлеген сөзін талдай білу; өз сөзіңді әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану; шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлану; өз курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту.*

«Педагогикалық шешендіктану» курсында оқытушы мен студент арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. *Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят туғызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру.*

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық шешендікке қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық

шешендіктану (риторика) ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. Педагогикалық шешендікке мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас қамал сияқты орталарда монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. *Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейілінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады.* Риторика (шешендіктану) - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидактласушы оқушысына белгілі бір межелі әсерді дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста шешендіктану қағидалары көмекке келіп, сөйленер

тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікіралмасу үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін қамтиды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір дидактласушының нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталды. *Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі.* Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. *Оның басты өзегі - адамның өзін сөзі арқылы танытуы.* Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей философия ретінде қарастырылған. Ал орта ғасырлық дәуірде бұл - зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі. Бұл орайда *«сөздің мағыналық тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз»* деген ойшыл Рене Декарт сөзі ойлантады. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, *педагогикалық шешендіктану* - оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейілінше түсінікті білдіру мен оны мейілінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары

Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті



сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға (*«Неге?» «Неліктен?» «Не себепті?»*) жауап береді.

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейілінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық шешендіктанудың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастан ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім *педагогикалық шешендіктану ілімі туралы хабардар болмаса*, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі «Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?» «Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?» деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Қазіргі уақыттағы үздіксіз білім алудың қажеттігін ескерсек, білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдарын айқындау жөн. Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры - *қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің болуы.* Бүгінгі *педагогикалық шешендіктану (Мектеп риторикасы)* риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастыққа пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті, жиірек пікіралмасу

қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі, педагог қауымы үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы *«өзіндік тілмен»* көрініс бермек.

Қысқасы, бүгінгі басты міндеттердің бірі - «педагогикалық шешендіктану» («педагогикалық риторика») атауын аталған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыда негіздей, эксперименттік тұрғыда саралай түсу. Бұл орайдағы басты концептуальды қағидалы ұстаным мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін сөйлей білуіне, қарым-қатынас мәдениетінің білік-дағдыларын меңгеруіне, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудиторияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігінің негізін қалауы тиіс.

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,
Қоғамдық даму департаментінің директоры,
«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісінің иегері, п.ғ.д., профессор;
Зарина МҰҚАШЕВА,
педагогика факультетінің IV курс студенті
(«Әлеуметтік педагогика және педагог-ассистент» мамандығы);
Жасмин ҒАЙСА,
филология факультетінің IV курс студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы)

«Jana Tolqyn» таныстыру кеші

Жақында жаратылыстану-география факультетінің белсенді студенттері 1-курс студенттеріне арнап «Jana Tolqyn» таныстыру іс-шарасын өткізді. Жаңа оқу жылына қадам басқан 1-курс студенттері үшін бұл кездесу ерекше әсерлі өтті. Іс-шара барысында студенттер ән шырқап, би билеп, түрлі қызықты ойындар ойнады.



Көңілді кеш олардың бір-бірімен жақынырақ танысып, достық қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік берді. Мұндай басқосулардың басты мақсаты – жаңа студенттерді ортаға бейімдеу, олардың шығармашылық қабілетін ашу және белсенді жастар қатарын көбейту. Жаңа толқын студенттері көтеріңкі көңіл-күймен тарқап, алдағы оқу жылына шабыт алды.

«Озат ой, өлшеусіз еңбек иелеріне тағзым»



Филология факультетінің білім алушыларының ұйымдастыруымен «Жастар life» коворкинг орталығында «1-қазан ЖОО қызметкерлері күні» мерекесі қарсаңында «Озат ой, өлшеусіз еңбек иелеріне тағзым» атты әдеби-сазды кеш оздырылды. Кешке филология факультетінің барлық профессор-оқытушылар құрамы қатысып, тілектерін айтып іс-шараны шырайландыра түсті. Жиын барысында әсем ән айтылып, өлең оқылып, күмбірлеген күй тартылып, мың бұралған бишілеріміз би билеп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ұстаз – шәкірттің өміріне бағыт беретін шамшырақ. Ғылыми тұрғыдан алғанда да, ұстаз – қоғамның интеллектуалды әлеуетін арттыратын негізгі күш. Қай дәуірде, қай қоғамда болмасын, ұстаз тұлғасы – ерекше құрметке ие бейне. Өйткені, ұстаз тек білім беруші ғана емес, ол – ұлттың рухани келбетін қалыптастырушы, адамдық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіруші, ғылым мен мәдениеттің дамуына дәнекер болатын тұлға. Қазақ мәдениетінде ұстазға деген құрмет ерекше орын алады. Әдеби тұрғыдан алсақ, ұстаз – жарық беретін шамшырақ іспеттес. Ол – шәкіртінің өмір жолын нұрландыратын бағытшы. Ұстаздың ықпалы кейде ата-ананың тәрбиесінен де асып түсіп жатады. Себебі ол баланың ішкі қабілетін оятып, оның арманына қанат бітіре алады. Ұстаз – қоғамның рухани тірегі, өркениеттің алтын



арқауы. Ұстазға құрмет – болашаққа құрмет. Сондықтан ұстаз еңбегін бағалау – адамзат дамуының мәңгілік парызы.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі
декан орынбасары

Бос уақыт – рухани байлық көзі

Бос уақыт — бұл әрбір адамның өміріндегі ең бағалы ресурс. Ол адамға демалуға, ой жинауға, шығармашылыққа және өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі заманда адамдардың көпшілігі жұмысқа, оқуына немесе күнделікті тіршіліктің міндеттеріне уақыт бөліп, өздерінің бос уақытын ескермеуі мүмкін. Алайда бос уақытты дұрыс пайдалану адамның физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығына үлкен әсер етеді.

Әлеуметтік тұрғыдан қарасақ, бос уақытты отбасымен, достармен немесе қоғамда пайдалы істермен өткізу адамның әлеуметтік байланыстарын нығайтады. Қоғамдық іс-шараларға қатысу, волонтерлік қызметпен айналысу адамдарға өмірдің мәнін түсінуге және өз орнын табуға көмектеседі.

Сонымен қатар бос уақыт — жеке дамудың мүмкіндігі. Адам оқу, жаңа хобби, спорт немесе саяхат арқылы өз білімін кеңейтіп, тәжірибе жинай алады. Бұл өмірді байытудың жолы ғана емес, сонымен қатар өз қабілеттерін дұрыс бағалап, мақсат қоюға да мүмкіндік береді.

Сондықтан бос уақытты тек «уақыт жоғалту» деп қарау қате. Керісінше, оны дұрыс ұйымдастыру арқылы адам өз өмірін жақсартып, денсаулығын күшейтіп, рухани байлығын арттыра алады. Бос уақыт — бұл әр адамның өмірінде дамуға, демалуға және әлемді тереңірек түсінуге берілген баға жетпес мүмкіндік.

Бос уақыт адамның психологиялық жай-күйіне оң әсер етеді. Күнделікті күйбең тірліктен демалу, сүйікті ісімен айналысу немесе табиғатқа шығу адамның көңіл-күйін көтеріп, стресс деңгейін азайтады. Бұл өз кезегінде шығармашылық қабілетті арттырады, жаңа идеяларды ойлауға, өзіне сенімді болуға көмектеседі.

Өзім өз бос уақытымды кітап оқу, ән тыңдау және спортпен шұғылдану арқылы өткіземін. Әсіресе, қазіргі уақытта Өзбекәлі Жәнібеков туралы «Мәдени майдан» атты еңбекті оқып жүрмін. Кітап оқу қиялымды кеңейтсе, ән тыңдау көңіл-күйімді көтереді, ал спорт денсаулығымды нығайтып, энергия береді. Сондықтан әр адам бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оны тек демалу үшін емес, өзін-өзі дамыту мен рухани байлыққа жету жолы ретінде пайдалануы қажет.

А. НАЗИМОВА,
Мәдени-тынығу жұмысы БББ
3 курс студенті

Важность досуга в жизни

В современном мире, где каждый человек стремится успеть как можно больше, досуг становится важной частью жизни. Свободное время позволяет нам восстановить силы, сохранить здоровье и почувствовать радость от простых вещей. Без отдыха человек быстро устаёт, теряет интерес к работе и жизненной активности. Досуг играет ключевую роль в развитии личности. Это время можно использовать для самообразования, творчества, спорта или путешествий. Каждый человек имеет право выбирать то занятие, которое приносит ему удовольствие и помогает раскрывать способности. Кроме того, досуг является возможностью отвлечься от стрессов, переключиться на позитивные эмоции и получить новые впечатления. Особое значение имеет досуг в общении с другими людьми. Встречи с друзьями, совместные развлечения с семьёй или участие в культурных мероприятиях укрепляют отношения, делают жизнь более насыщенной и гармоничной. Таким образом, досуг это не просто свободные часы, а необходимая часть полноценной жизни. Он помогает человеку быть здоровым, счастливым и духовно богатым. Умение правильно организовать свой досуг это залог внутреннего равновесия и гармонии.

МАЛИКА СИНА,
студентка ОП Культурно-досуговой работы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ахмет Байтұрсынұлы



ЖУРНАЛИСТ

№8 (83), қыркүйек 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

АТАЗАҢ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

2025 жыл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы айтулы белес. Биыл еліміздің басты құжаты – Конституциямызға 30 жыл. Атазаңымыздың 30 жылдығы барша қазақстандықтар үшін үлкен маңызға ие. *Атазаңымыз – елдіктің айнасы, тәуелсіздіктің тірегі, мемлекетіміздің саяси-құқықтық іргетасы.* Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: *“Біз заң үстемдігі, әділдік және жалпыға бірдей мүмкіндік қағидаттарын ұстанып, Жаңа Қазақстанды құруға кірістік. Еліміздің әрбір жауапты азаматының реформаларды іске асыруға белсене қатысып, мемлекетіміздің дамуына үлес қосатын кезі келді. Конституцияда белгіленген демократия құндылықтары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері Қазақстан Республикасы дамуының нақты стратегиялық бағдарын айқындайды. Қолға алынып жатқан өзгерістердің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын*

зейнеттегі судья, “Ищанов және серіктестер” адвокаттық қоғамының төрағасы, адвокат, Құқық БББ аға оқытушысы **Ғалымжан Сұлтамұлы Ищанов “Конституция: фундамент государства и общества”**, Орал қаласы Полиция басқармасы патрульдік полициясы батальоны командирінің орынбасары, полиция капитаны **Сабит Ғабитұлы Қаллиоллаев “Құқықтық мемлекет пен Конституцияның маңызы”** тақырыптарында кең көлемді баяндамалар жасады.

Біле білсек, 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция – халқымыздың ең үлкен жеңісі. Ол тек халықтың еркін білдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге жаңа мемлекеттің даму жолын айқындап, демократиялық қағидаттарға негізделген құқықтық мемлекет құрудың берік іргетасын қалады. Содан бері бірнеше конституциялық реформалар жасалды. 2007, 2017 және 2022 жылдардағы

өзгерістер халықтың ел басқаруға қатысуын кеңейтіп, әділетті қоғам құруға жаңа серпін бергені ақиқат.

Алқалы кеңесте Конституциядағы негізгі баптарға да ерекше тоқталынды. Мәселен, *«Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең»*, *«Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмайды»*, *«Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар»* деген баптар – демократиялық қоғамның басты ұстанымдары. Бұл – адам құқығының қорғалуы мен азаматтық теңдіктің нақты көрінісі. Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері **Шерхан Мұртаза** айтқандай, *«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат тор көзді сауыты»* емес пе. Ал неміс философы **Фердинанд Лассальдың «Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі арақатынасы»** деген ойы біздің бүгінгі дамуымызға да сай келеді. Тарихқа көз жүгіртсек, ежелгі ойшылдар да заң мен әділеттің қоғамдағы орнына ерекше мән берген. Ежелгі грек

философтары **Платонның «Мемлекетте даналық билік етсе, халық өз болашағының қожайынына айналады»** деуінен, **Аристотельдің «Халық – мемлекеттің негізі, ал қоғамның тағдыры оның тәрбиесіне байланысты»** дегенінен айқын көрінсе керек. Бұл даналық үзіктері бүгінгі Қазақстанның ұстанымымен үндесіп тұрғандай.

Конституция тек құқықтар мен міндеттерді айқындап қана қоймайды, ол – елдегі тұрақтылық пен татулықтың кепілі. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституция – бейбіт өмірдің қос тірегі. Кеңес барысында ұлтаралық келісім мен бірліктің ел дамуындағы маңыздылығы ерекше атап өтілді. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет Конституцияда *құқыққа қайшы* деп танылатыны – мемлекетіміздің басты ұстанымы. Жастарға да ерекше назар аударылды. Себебі, Атазаңды құрметтеп, оны болашаққа жеткізетін – жас буын. Жастар құқықтық сауаттылығын арттырып, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы тиіс. Президенттің *«Әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетуі керек»* деген сөзі – жас ұрпаққа үлкен жауапкершілік жүктейтін қағида.

Алқалы жиын барысында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті кітапханасының директоры **Тоты Еркінқызы Әлімбекерованың** басшылығымен *“Конституция – елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары”* атты көрме жасақталды. Тақырыптық көрме материалдарын кітапханашы **Көбеева Жанар Бекболатқызы** аса шеберлікпен ұтымды таныстыра білді.

Алқалы кеңес **«Атазаң – арайлы азаматтығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары»** негізінде түйінделді. Бұл – әрбір қазақстандықтың жүрегінде сақталуы тиіс ой. Шын мәнінде Конституция – елдің тұрақтылығы мен татулығының кепілі, әділетті қоғам құрудың басты құжаты. Әрбір азамат Атазаңды құрметтеу арқылы ел дамуына үлес қосары даусыз. *Ең маңыздысы – Атазаңымызды ардақтап, оның талаптарын орындау, жас ұрпаққа үлгі ету.* Елдің болашағы, халықтың бірлігі мен мемлекетіміздің дамуы осы құндылықтарға байланысты. *Атазаң – елдігіміздің мәңгілік берік негізі.*

Арайлым ИМАНБАЕВА,

Қоғамдық даму департаментінің әдіскері



арттыру, мемлекеттілігімізді мейілінше нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту. Бұл міндеттерді орындауға еліміздің әрбір азаматы атсалысуы қажет” деген-ді.

Осы жылғы тамыз айының 27-сі күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде **«Атазаң – елдігіміздің берік негізі»** атты облыстық алқалы кеңес ұйымдастырылды. Шараға мемлекеттік органдар өкілдері, ғалымдар, заңгерлер және жастар қауымы қатысты. Алқалы Кеңестің басты мақсаты Конституцияның қоғамдағы рөлін айқындау, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және елдік бірлікті нығайту негізінде бекітілді. Кеңес модераторы – Қоғамдық даму департаментінің директоры, “Ұлттық құндылықтар академиясы” республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы кеңесінің төрағасы, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев.** Университет ректоры **Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев «Әділетті Қазақстан Конституциясы – ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығы»** тақырыбында ой өріп, тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміздің бәрі ел Атазаңы негізінде жүзеге асқанын баса айтты. БҚО әкімдігі Қоғамдық даму басқармасы “Қоғамдық келісім” КММ басшысының орынбасары **Айша Уәлиқызы Әбешова “Ассамблея мен Атазаң: бейбіт өмірдің қос тірегі”**, Қазақстан Республикасы Прокуратора органдарының Құрметті қызметкері, Қазақстанның Құрметті заңгері,





АҚИҚАТТЫҚ ПІКІРСАЙЫСШЫЛАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Ағымдағы оқу жылында клубымыздың мүшелері, 3-курс студенттері **Сыдыхова Зауреш ҚР Президентінің атаулы шәкіртақысының**, ал **Салтанатқызы Гүлмарал В.В. Иванов атындағы атаулы шәкіртақының** иесі атанды. Бұл біздің клубымыз үшін ортақ жетістік, әрі пікірсайысшыларымыз дебат алаңында ғана емес, университет ордасында білімімен де көзге түскенінің көрсеткіші. Шәкіртақы иелерін құттықтай отыра, алдағы оқуларына сәттілік тілейміз. Ақиқаттық жастар ерқашан үздік! «Ақиқат – сенің биігің, билігің, көкжиегің».



ЗКУ - без автомобиля

В университете Махамбета в рамках реализации национальной экологической концепции «Таза Қазақстан» прошла акция «День без автомобиля», направленная на формирование экологической культуры среди молодежи и снижение негативного воздействия на окружающую среду. Главная цель инициативы – привлечение внимания студентов и преподавателей к проблемам экологии, популяризация здорового и активного образа жизни, а также сокращение вредных выбросов в атмосферу за счет отказа от личного автотранспорта.

В этот день студенты, профессорско-преподавательский состав и сотрудники университета поддержали акцию, добравшись до учебного заведения на велосипедах, пешком или на общественном транспорте. Такой шаг стал не только практическим вкладом в улучшение экологической ситуации, но и важным примером экологически ответственного поведения. Проведение акций «День без автомобиля» способствует воспитанию у студентов бережного отношения к природе и формированию экологического мировоззрения, что полностью соответствует задачам национальной программы «Таза Қазақстан».

дсерлі әдеби кеш

Махамбет университетінде Ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай ғылыми кітапхана мен филология факультетінің ұйымдастыруымен «Ұлының аты өшпес мың ғасырға» атты әдеби кеш өтті. Кешке ПОҚ мен студенттер қатысып, ақын мұрасына тағзым етті. Іс-шара ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетілімінен басталды.

Филология факультетінің деканы, университеттің қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Айдарбек Ақболатов Абайдың рухани мұрасы мен өмір жолына кеңінен тоқталды. Әдеби кеш барысында студенттер ақынның өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқып, өз арнауларын арнады. Сондай-ақ Абай әндері орындалып, шығармашылыққа толы кеш ерекше әсерге бөледі. Іс-шара аясында «Ұлының аты өшпес мың ғасырға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған кітапханашылар библиографиялық шолу жасады. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – тек тарихи дата ғана емес, қазақ халқының рухани жаңғыруының мерекесі.

Тазалау жұмыстарын атқарды

Жақында М.Өтемісов атындағы БҚУ, Жаратылыстану-география факультетінің студенттері, қаламыздың 42-ші Ақниет мектеп-гимназиясы және Оқушылар Сарайының білім алушы шәкірттерімен бірлесе Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағын тазалау жұмыстарын атқарды.

Ілкімді іс «Таза Қазақстан» 2024-2029 жылдарға арналған жалпыхалықтық экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын қолдай отырып оздырылды. Бұл экологиялық акция еліміздің жастарын тазалыққа, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға шақырады. Жалпыұлттық акция жалғасын Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті студенттеріне жолдайды.



Жақында Педагогика факультетінің 1-курс студенттеріне арналған алғашқы таныстыру іс-шарасы өтті. «New Connections» атты кештің басты мақсаты – жаңа студенттерді бір-бірімен жақынырақ таныстыру, ұжымдық рухты нығайту және факультетке бейімделуіне қолдау көрсету болды.

«New Connections»

Кеш барысында түрлі қызықты ойындар, танымдық тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Студенттер белсенділік танытып, бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар көңілді би кеші өткізілді. Жаңа ортаға енді қадам басқан жастар үшін бұл ұмытылмас әсер сыйлаған ерекше кеш болды. Факультет басшылығы мен ұйымдастырушылардың айтуынша, «New Connections» – тек бастамасы ғана. Алдағы уақытта студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге, таланттарын ашуға және бірлігін арттыруға бағытталған түрлі мәдени, спорттық әрі танымдық іс-шаралар жалғасын табатын болады. Жаңа оқу жылындағы алғашқы қадам осылай әсерлі басталып, студенттердің ынтасын арттыра түсті.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.**
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 599

РЕДАКТОР:

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99